

Дайын тапсырма үлгісі

«Төрт сөйлем» әдісі

Тапсырма: І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді ретінде мәтін беріледі. Сол мәтін бойынша «Пікір. Дәлел. Мысал. Қорытынды» жазады.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді

Шыңғысханның өсиеті

Ел билеу ! Бұл — мансапқор жанның ұлы тілегі . Кенет Әбілқайырдың есіне Шыңғыстың ел билеу жөнінде балаларына айтыпты - мыс деген қағидасы түсті . Ұлы хан жаулап алған жерін төрт ұлысқа бөліп , төрт баласына беріпті . Сол мәжілісте әкесінен өсиет естігісі келген үлкен ұлы Жошы : - Ұлы мәртебелі , әлем әміршісі , хан қандай болу керек ? - деп сұрапты . Шыңғыс : - Хан халқының көңілін табу үшін ақылды , ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек , - деп жауап беріпті . Шыңғыстың екінші баласы Жағатай : - Ханды қайткенде халқы сыйлайды ? — деп сұрапты . Шыңғысхан : Халқың сыйласын десең , тағыңнан түспе , - деп жауап беріпті . Үгедей : - Хан қайткенде тағынан түспейді ? — деп сұрапты . Шыңғысхан : Маңына өзінен ақылы төмен , бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе , сол хан тағында ұзақ отырады , деп жауап беріпті . Шыңғыстың төртінші баласы — Төле : - Қандай хан абыройлы болады ? — деп сұрапты . Шыңғысхан : Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алатын хан әрқашан да абыройлы болады , Шыңғысханның осы төрт ақылын алған төрт баласы өле - өлгенше абыройлы хан болып өтіпті — мыс.

Пікір: Шыңғысханның өсиетінде хандық биліктің мәні ақыл, қатаңдық және халықтың сый-құрметі арқылы сақталады деп көрсетілген. Бұл — көшпенділер қоғамының басқару өнеріне негізделген даналық.

Дәлел: Шыңғысханның төрт баласына берген өсиеттері биліктің әр қырын ашады: ақылдылық (Жошыға), қатаңдық (Шағатайға), адал серіктер таңдау (Үгедейге) және әділдіктің қатыгез шешімдермен де сақталуы (Төлеге). Бұл қағидалар ханның халықпен қарым-қатынасын, биліктің тұрақтылығын және абыройын қамтамасыз етеді.

Мысал: Мысалы, Шыңғысхан Жошыға ханның ақылды болуын, ал халықтың тақымды болуын айтады. Бұл — биліктің екіжақты табиғатын, яғни хан мен халық арасындағы өзара жауапкершілікті көрсетеді. Сондай-ақ, Төлеге айтылған өсиетте ханның туған баласын да бауыздауы абырой үшін қажет екені баса айтылады, бұл қатаң әділдіктің символы.

Қорытынды: Шыңғысханның өсиеттері көшпенділер қоғамындағы биліктің күрделі табиғатын ашады. Хандық билік ақыл, қатаңдық, адалдық және әділдіктің тепе-теңдігі арқылы ғана сақталады, ал бұл қағидалар әлі күнге басқару өнерінің негізі болып қала береді.

Оқушыларға беруге арналған шаблон

«Төрт сөйлем» әдісі

Тапсырма: І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді ретінде мәтін беріледі. Сол мәтін бойынша «Пікір. Дәлел. Мысал. Қорытынды» жазады.

І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясынан үзінді

Шыңғысханның өсиеті

Ел билеу ! Бұл — мансапқор жанның ұлы тілегі . Кенет Әбілқайырдың есіне Шыңғыстың ел билеу жөнінде балаларына айтыпты - мыс деген қағидасы түсті . Ұлы хан жаулап алған жерін төрт ұлысқа бөліп , төрт баласына беріпті . Сол мәжілісте әкесінен өсиет естігісі келген үлкен ұлы Жошы : - Ұлы мәртебелі , әлем әміршісі , хан қандай болу керек ? - деп сұрапты . Шыңғыс : - Хан халқының көңілін табу үшін ақылды , ал халқы оның көңілін табу үшін тақымды болуы керек , - деп жауап беріпті . Шыңғыстың екінші баласы Жағатай : - Ханды қайткенде халқы сыйлайды ? – деп сұрапты . Шыңғысхан : Халқың сыйласын десең , тағыңнан түспе , - деп жауап беріпті . Үгедей : - Хан қайткенде тағынан түспейді ? – деп сұрапты . Шыңғысхан : Маңына өзінен ақылы төмен , бірақ құлқы өзіндей адамдарды жинай білсе , сол хан тағында ұзақ отырады , деп жауап беріпті . Шыңғыстың төртінші баласы — Төле : - Қандай хан абыройлы болады ? – деп сұрапты . Шыңғысхан : Ойынан шықпаған туған баласын да бауыздай алатын хан әрқашан да абыройлы болады , Шыңғысханның осы төрт ақылын алған төрт баласы өле - өлгенше абыройлы хан болып өтіпті – мыс.

Пікір:

Дәлел:

Мысал:

Қорытынды: